

ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ: ФАРАБИ МЕН МАШАНИ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Ұлылар үндестігі: Фараби мен Машани» атты ғылыми жиын өтті. Жиын аясында Әл-Фараби мен Ақжан Машанидың Түркі академиясы басып шығарған «Книга о словах, употребляемых в логике» және Ақжан Машанидің «Әлем шырайы», «Жібек жолындағы өркениеттер үндестігі» жаңа кітаптарының тұсаукесер рәсімі болды.



Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жлдық мерейтойы аясында өткен алқалы жиынға ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, Халықаралық Түркі академиясы президенті Дархан Қыдырәлі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі Әбсаттар Дербісәлі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі Әлия Бейсенова,

Ақжан Жақсыбекұлының жары Жамал Шорайқызы Машани, тарих ғылымдарының докторы, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры Зада Дүкенбаева, сонымен қатар көрнекті қоғам қайраткерлері, ұлт зиялылары мен ҚазҰУ ғалымдары қатысты.

Жиында алғы сөз алған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов «Әл-Фарабидің рухани-адамгершілік мұрасын насихаттау, қоғамда қайырымды қоғам құндылықтарын таратуға қажетті білім мен дағдыларды ынталандыру мақсаттарын жүзеге асыруда бүгінгі Түркі Академиясымен бірлесе атқарған шаралардың маңызы зор. Мерейтойлық жыл әрине әл-Фараби мұрасын зерделеуге, қайта қарастыруға, көпшілікке кеңінен таратуға жаңа серпін берді», - деп атап өтті.

Өз кезегінде Халықаралық Түркі Академиясының Президенті Дархан Қыдырәлі атаулы жылы атқарылған маңызды шараларға тоқтала келіп, бұл бағыттағы жұмыстар жалғаса беретінін жеткізді.

Шара барысында Әбу Насыр әл-Фараби мирасын жаңғыртуға елеулі үлес қосып, ұлы ойшыл мұраларының шырақшысы болған Ақжан Жақсыбекұлы Машанидің туғанына 114 жыл толғаны да арнайы аталып өтті.

Сонымен қатар, аталған шара аясында Әбу Насыр Әл-Фараби мен Ақжан Машанидың Түркі академиясы басып шығарған жаңа кітаптарының тұсаукесер рәсімдері жасалды. Атап айтқанда, әл-Фарабидің «Книга о словах, употребляемых в логике» трактаты алғаш рет араб тілінен толықтай аударылып, оқырман назарына ұсынылып отыр. Сонымен қатар, Академия баспаға әзірлеген Ақжан Машанидің «Әлем шырайы» атты еңбегі мен «Жібек жолындағы өркениеттер үндестігі» атты ғылыми жинақ та Фараби жылындағы жобалардың табысты нәтижесі болып табылады.

Айта кету керек, шара барысында Академия басшысы Дархан Қыдырәлі түркі әлемі ғылымының дамуына және тарихи тамырластықты зерделеуге қосқан үлесі үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалым Мұтановты Халықаралық Түркі академиясының Алтын медалімен, ал белгілі шығыстанушы, академик Әбсаттар Дербісәлі Күміс медальмен марапаттады.

Өз тілшімізден

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жас Ғалымдар Кеңесі Нұрсұлтан Назарбаев қорымен бірлесіп, «COVID-19 пандемиясының салдарын шешу жөніндегі менің көзқарасым» тақырыбында жас ғалымдарға арналған республикалық ғылыми жобалар байқауын өткізді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Жас Ғалымдар Кеңесі 2019 жылы Нұрсұлтан Назарбаев қорының «Ең Үздік Жас Ғалымдар Кеңесі» атты байқауының жеңімпазы ретінде тағайындалған сыйақысы аясында, 2020 жылдың 6 қарашасында 40 жасқа дейінгі жас ғалымдары арасында республикалық ғылыми жобалар байқауын өткізетіндігі туралы хабарлады. Байқаудың басты мақсаты – ғылыми зерттеулерге қатысу үшін Қазақстанның жас ғалымдарын тарту және оларға өзекті мәселелерді талқылау үшін платформа ұсыну. Мұндай іс-шаралар жас ғалымдардың ғылыми-инновациялық қызметін, олардың кәсіби өсуін ынталандырады, жедел ғылыми-практикалық мәселелерді шешуге күш біріктіреді.

Жалғасы 2-бетте

ҒЫЛЫМНЫҢ САРА ЖОЛЫНДА

Желтоқсан айында ҚазҰУ-да өткен алғашқы кеңестік жиында бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Ғылыми кадрларды дайындау және аттестаттау басқармасының басшысы Рината Құдайбергенова мен ҚазҰУ-дың оқу жұмысы жөніндегі проректор Асқар Хикметов 2020-2021 оқу жылының күзгі семестралық емтиханының қорытындылары мен постдокторантура бағдарламасын іске асырудың тиімділігі туралы ақпаратты баяндап берді.

А. Хикметов емтиханға дайындық барысын және әр факультеттегі былтырғы, биылғы көрсеткіштерді саралап, онлайн жүргізілетін дәрістерге, шетелдік студенттердің мәселелеріне тоқталып өтті. Жүргізілген сарап бойынша студенттер, магистранттар мен докторанттардың оқу үлгерімдері сессияаралық бақылаулар қорытындылары бойынша былтырғы жылмен салыстырғанда бірдей деңгейде екендігі анықталды. Сараптама бойынша үлгерім көрсеткіштері жақсы. Бүгінде MOODLE жүйесінде 13 мың 72 студент тілкелген. Оған 707 пән бойынша 86,6 мың оқу тапсырмасы жүктелген.

Биылғы жылы емтихан жазбаша, тест, ауызша және біріктірілген түрде өтеді. Асқар Хикметов сондай-ақ емтиханның өткізілу барысы мен тексеру жұмыстарының мән-жайына да кеңінен тоқталды.

Жалғасы 2-бетте

ВЕБИНАР
ҚОС ҒАЛЫМҒА
АРНАЛДЫ



3-бет

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ
ӨМІРШЕҢ ҒЫЛЫМИ
ҚАҒИДАЛАРЫ



5-бет

COURSERA
АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ



8-бет

РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Қысқы сессияға дайындықты үдету үшін барлық факультеттер мен кафедралар ағымдағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізілуіне және студенттер сессияға қатысты барлық ақпарат уақтылы құлағдар болуына да назар аударылды.

Күн тәртібінде қаралған келесі тақырып – постдокторантура бағдарламасын іске асырудың тиімділігі. Бұл жайында ғылыми кадрларды дайындау және аттестаттау басқармасының басшысы Рената Құдайбергенова өрбітті.

ҚазҰУ-дың постдокторантурасына қабылданған жас ғалымдардың университеттің халықаралық QS және THE рейтингілеріне қосқан үлесі және ондағы шетелдік авторларымен бірлесе жариялаған мақалалар сапасы мен саны жайы да айтылды. Бүгінде олардың саны 123, яғни бұл университеттің жарыққа шыққан материалдарының 9 пайызын құрайды екен. Бір постдокторантқа шаққанда жарияланған ғылыми мақаланың орташа есебі 5-ке тең. Мамандар бұл жақсы көрсеткіш және болашақта оның саны көбейетініне сенім білдірді.

ҚазҰУ постдокторанттарының тікелей жетекшілігімен биылғы 2020 жылы жүзеге асырылған екі жылдық гранттық жобалар мөлшері 225 млн тенгеге жетсе, олардың қатысуымен жасалып жатқан қаржылық жобалар көлемі – 2 млрд теңге. Жыл сайын университеттің постдокторантурасына түсіп жатқандар қатары көбеюде. Үстіміздегі жылы

ҒЫЛЫМНЫҢ САРА ЖОЛЫНДА



ҚазҰУ-дың 10 факультетінің түлегі бақ сынап, постдокторант атанды. Ғылыми кеңесте, коллаборация арқылы болашақта шетелдік ЖОО-ның талантты жас ғалымдарын тартып, отандық жас ғалымдармен бірлескен зерттеулік зияткерлік топтарының құрып, лабораторияларды кеңейту мәселесі де қозғалды. Бұл арқылы университеттің ішкі ресурстары мен мүмкіндіктерін кеңейтіп, зерттеу жұмыстарының қарқынын күшейту жолдары да қарастырылды. Соңғы екі жылда постдокторанттардың

жұмыстары жанданып, Scopus ғылыми журналдар базасында жарық көрген 210 мақаланың 201-і Q1-Q4 квартал деңгейінде жарияланды. Бұл үрдісті жалғастырып қана қоймай, үдету үшін постдокторантураны дамытудың мақсаттары да тілге тиек етілді. Солардың бірі – постдокторанттарды қабылдау квотасын 50 пайызға көтеру және оларды дайындаудағы мемлекеттік тапсырыстарға қол жеткізу.

Гүлжан МЕДЕТ

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Байқауға Қазақстан аймақтарының әртүрлі университеттері мен ұйымдарынан 50 ғылыми жоба ұсынылды. Ұсынылған жұмыстар COVID-19 пандемиясының зардаптарының әлеуметтік, экономикалық аспектілерін, қоршаған ортаның жай-күйі мен халықтың денсаулығы, сонымен қатар корона-вирустық инфекцияның таралуының жағымсыз салдарының әсерін барынша азайтуға бағытталған кешенді тәсілдерді ұсынып, өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.

Байқаудың бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша байқаудың негізгі критерийлеріне сәйкес келетін және ең жоғары ұпай жинаған 10 жұмыс таңдалып алынды. Іріктеуден өткен жобалар 2 желтоқсанда өткен екінші кезеңде әртүрлі ғылыми бағыттағы мамандардан тұратын Конкурстық комиссия мүшелеріне ұсынылды.

Конкурстық комиссияның шешімі негізінде үш үздік ғылыми жұмыс анықталып, олар дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

І дәрежелі дипломды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жас ғалымы Ж.Б.Нармұратова жеңіп алды.

Өз тілшімізден

ЭБЖМ мен «Бизнес технологиялар» кафедрасы Ресей және Қазақстан жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып онлайн форматта «Өңірдің экономикалық дамуы: басқару, инновациялар, кадрлар даярлау» халықаралық экономикалық форумы шеңберінде «Экономика мен білім беруді цифрландыру: пандемия жағдайындағы жаңа технологиялар» тақырыбында халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өткізді.

ЭКОНОМИКА МЕН БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ



Ауқымды форумды ұйымдастыруға Алтай мемлекеттік университеті (Барнаул қ., Ресей), Қазақстан-Неміс университеті (Алматы қ., Қазақстан), и. с. Тургенев атындағы Орлов мемлекеттік университеттері белсенді қатысты. Пленарлық мәжілісте ҚазҰУ атынан. э.ғ. д., профессор Р. К. Сағиева ЭБЖМ деканы сөз сөйлеп, конференция жұмысы секцияларда жалғасты. Қатысушылар – жоғары оқу орындарының оқытушылары, докторанттар-форумының өзекті тақырыптарында баяндамалар ұсынды.

Халықаралық конференцияның мақсаты коронавирустық пандемия сияқты сыртқы жаһандық сын-қатерлерді ескере отырып,

экономика мен білім берудің қазіргі жағдайын талдау. Халықаралық конференция пандемия жағдайында SMART технологиялардың экономикалық және білім беру процестеріне әсерін белсенді талқылаумен таныстыру және пікірталас түрінде өтті.

Үздік баяндамалардың материалдары конференция қорытындылары бойынша (ISSN 2542-0690) e-library платформасында ұсынылған жинақтарда және РФДИ-да индекстеу арқылы жарияланатын болады.

**Экономика және
бизнес жоғары мектебі**

KAZNU.KZ

Аl-Farabi атындағы QazUҰ-да halyqаралық qatynastар fakultetiniñ halyqаралық qatynastар jáne әлемdik ekonomika kafedрасында, Zoom platformасы арқылы Singapurдағы ESSEC Business School Asia Pacific profesory, Azia-Tynық muhity аумағындағы MBA бағдарламаларының атqарышы direktory, «The Financial Times» бойынша Aptаның үздік profesory Chedomir Nestorovичтың onlam dárisi ótti. Dáris «AQSh pen Qytai арасындағы са́йда qatynastары, AQSH-tағы sailaýlardyñ Aziaдағы бизнеске әseri» atты taqyrybyна арналды.

Dáriske 50-den astam stýdentter, magistranttar jáne doktoranttar qatysty. Birinshi bólimde profesor AQSH-tағы 2020 jylғы sailaýға qatysty negizgi máselelerge toqtaldy; demokrattar men respýblikashyldardyñ qarama-qashylyqtary, AQSh sailaý júesiniñ kemshilikteri, burmalaýshylyq jáne Amerikadaғы sailaýdyñ әлемdik saasat úshin mañyzy.

Profesor ekinshi bólimde AQSh pen Qytai арасындағы са́йда soǵysynyñ problemасына, halyqаралық са́йда uyymдарының róline toqtalyp, әлемdik са́йда soǵysynyñ qynshylyqtary мен saldaryн sipattady. Al-Farabi атындағы QazUҰ stýdentteri pikirtalasqa belsendi qatysyp, Chedomir myrzaǵa suraqtar qoıyp, joǵary daıyndyq pen bilim deñgein kórsetti.

Ekonomika jáne biznes joǵary mektebiniñ «Biznes tehnologialar» kafedрасы «Smart Marketing and Logistics» ortalyǵynyñ ashylǵandyǵy týraly habarlaıdy.

Ortalyq qyzmetiniñ baǵty oqy-aǵarty qyzmeti, ǵylymi mektepter мен pánaralyq kýrstar qurý, konsaltıñ, sondaı-aq halyqаралық granttyq konkýrstarǵa qatysýǵa арналады. Ortalyqta pandemia kezindegi elektrondy sáйда, azyq-túlik jetkizýdiñ "Aqyldy" tizbekteri, pandemiadaғы logistikalyq prosester siaqty ǵylymi mektepter damyp keledi.

Ortalyq oqytýshylyardyñ biliktiligin arttyrýǵa, jumys berýshilerмен yntymaqtastyqy keñeytýge, jetekshi ýniversitetterdiñ ǵalymдарымен halyqаралық yntymaqtastyqy nyǵaitýǵa, magistranttar мен doktoranttardy ǵylymi-zertteý qyzmetine tartýǵa jáne ǵylymi zertteýlerdi komersialandyrýǵa baǵyttalǵan. «Smart Marketing and Logistics» ortalyǵy árdaiym ǵylymi qoǵamdastyq tarapyнан da, biznes pen óndiris tarapyнан da perspektivaly jáne ózara tiimdi qarym-qatynas qurýǵa daiyn.

Kolýmbia ýniversiteti (AQSh) uyymdastyrǵan Dúnejúzilik Kóshbasshylar Forýmyнда BUU Bas hatshysy Antonio Gýterrish «Ǵalamshardyñ jaǵdary» taqyrybyнда sóz sóledi. BUU-nyñ turaqtylyq jónindegi «Akademialyq yppal» baǵdarlamасының Jahandyq habyn basqaratyn al-Farabi атындағы QazUҰ seriktес retinde joǵary deñgeidegi onlam kezdesýge qatysýǵa shaqyryldy.

Kolýmbia ýniversitetinde sólegen sózinde BUU Bas hatshysy Antoniy Gýterrish әлем kóshbasshylaryн 2021 jylды adamzat óziniñ «tabıǵatpen soǵysyn» aiaqtap, ǵalamshardyñ jylýyna alyp keletin kómirtekten bos bolashaqty qurý mindetin qolǵa alyǵa shaqyrdy. Antoniy Gýterrish 2020 jylғы rekordtyq aya-ray jaǵdailary мен jahandyq jylynydy týdyratyn qazba otynynyñ ósip kele jatqan kólemi týraly jaña esepтерge túsinik bere otyryp, klımatтыñ ózgerýin tejeýge shaqyrdy. Pandemia saldaryнан quldyraǵan ekonomikany qalpyna keltirý maqsatyнда әлем elderiniñ trillion dollar jumsaýda ekendigin alǵa tartyp, ol muny ekologialyq taza energıaǵa basa nazar aýdara otyryp júzege asyry qajettigin atap ótti. BUU Bas hatshysy ǵalamshar jaǵdaryның ózektі máselelerin sheshýde bilim berý mekemeleriniñ róline erekshe nazar aýdardy.

Joǵary deñgeidegi Halyqаралық forým jyl sayın 2012 july BUU bastamасымен qurylǵan jáne Kolýmbia ýniversitetiniñ profesory Djefri Saks basqaratyn BUU-nyñ Turaqty damý salasындағы sheshimder jelisimen (SDSN) ótkiziledi. SDSN-niñ basty misiasy – bilim berý, ǵylymi zertteýler, saiası taldaý jáne jahandyq yntymaqtastyq arqyly turaqty damý maqsattary (TDM) мен klımatтыñ ózgerýi týraly Parız kelisimine qol jetkizýdiñ keshendi tásilдерin ilgeriletý.

QazUҰ-дың atalмыш baǵytta buryнnan beri ornатылған seriktestik baılanystary бар, atap atqanda, ýniversitet 2012 july Garvard, Kalifornia Berkli, Kolýmbia, Sinhýa jáne t.b. әлемniñ jetekshi ýniversitetterimen qatar MDP jáne SDSN jahandyq qaýymdastyǵyna kirip, әлемdik deñgeidegi ýniversitetterdiñ oqytý baǵdarlamalary negizinde TMD-daғы jalǵыз MDP Global Classroom «Turaqty damý» бойынша Magistrlik baǵdarlamасына bastamashy boldy.

ВЕБИНАР ҚОС ҒАЛЫМҒА АРНАЛДЫ

ҚазҰУ-да Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы шеңберінде Әл-Фараби орталығының ұйымдастыруымен «Қазіргі заманның көрнекті Фарабитанушылары» вебинар сериясы жалғасын табуда. Кезекті вебинар танымал ғалымдар Жақыпбек Алтаев пен Клара Тәжіковаға арналды.

Шараға философия және саясаттану факультетінің деканы Алия Масалимова модераторлық етті. Қазақ философиясында әл-Фараби ілімін танытуда елеулі еңбек еткен, профессор Жақыпбек Алтаев туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары, ф.ғ.к. Дархан Жазықбаев пен ҚазҰУ-дың философия кафедрасының меңгерушісі Әсет Құранбек тағылымды баяндама жасады.

Вебинарда алғашқылардың бірі болып сөз алған ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары, ф.ғ.к. Дархан Жазықбаев: «Бірнеше буынға тәрбие берген, білім нәрін сіңірген ғалым Жақыпбек Алтайұлы бүгінде өзінің шығармашылық биігінде. Қазақ халқында еңбегімен зор құрметке ие болған адамды - санаткер деп атайды. Жақыпбек Алтайұлы өз саласындағы таңдаулы, алдыңғы қатарлы санаткер тұлға. Ғалымның әлі де ғылымға берері мол. Оның ұстанған мақсаты-ұстаздық жол. Ғалымның бүгінгі шыққан биігі ғылым жолына түскен өскелең ұрпақ пен шәкіртке үлгі-өнеге. Сондықтан, ғалымның шығармашылығымен танысып, мүмкіндігінше білім нәрімен

Алтаев тұр. Бұл Жақыпбек Алтайұлы шығармашылығының ең басты қыры, ең негізгі түйіні, ең басты арнасы деп айтуымызға болады. Одан кейінгі уақытта, 90 жылдардың басынан Әл-Фараби мұрасын тереңірек зерттеумен айналысты. Университеттегі орталықтың құрылуына өлшеусіз қызмет етті, басы-қасында жүрді, сол орталықтың басшылық қызметін де жалғастырды. Шәкірттер тәрбиеледі. Бүгінде ұлы ойшылдың еңбегін елге ғана емес, әлемге насихаттауда еңбек етіп жүрген ғалым Жақыпбек Алтайұлына шығармашылық табыстар, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз», - деп баяндады.

Соңынан Жақыпбек Алтаев туралы шағын фильм көрсетіліп, сөз ұстаздың өзіне берлді. Профессор ұйымдастырушыларға, шәкірттеріне және қатысқан қонақтарға алғысын білдіріп, ғылым жолының маңызына тоқталды.

Ал әл-Фарабидің еңбектерін түпнұсқадан аударуда елеулі еңбек еткен, ғалым Клара Тәжікова туралы ҚазҰУ-дің дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі Айнұр Құрманалиеваның мазмұнды баяндамасына көпшілік ризашылық танытты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «TILEU-QABAQ» қоғамдық қорымен бірлесе отырып Қазақстан тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен Алтын Орданың құрылуына 750 жыл толуына орай «Ер Едігенің Алтын Орда тарихындағы орны» атты онлайн форматта республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

ЕР ЕДІГЕНІҢ АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ



Конференцияда Ер Едігенің тарихи рөлі, сондай-ақ басқа да тұлғалардың қызметі мен Алтын Орда тарихына қосқан үлесі қарастырылып, тақырыпқа қатысты қазіргі кездегі концептуалдық көзқарастар талқыланды.

Конференция жұмысы пәнаралық синтез негізінде Алтын Ордадағы саяси қарым-қатынастар мен ондағы жекелеген тұлғалардың қызметін қазақ

мемлекеттілігінің қалыптасу тарихына қосқан үлесі аспектісінде қарастыруға арналды. Сонымен қатар Еуразия құрлығындағы саяси, мәдени және әлеуметтік тарихты зерттеуге байланысты жүргізілген археологиялық ізденістердің негізінде жасалған тың тұжырымдар мен ғылыми жаңалықтар сарапталды.

Өз тілшімізден

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің базасында өткен Халықаралық құқық бойынша Республикалық олимпиадада жеңіске жетті.

ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Республикалық пәндік олимпиада онлайн-форматта ұйымдастырылды. Оған Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.

PhD докторы Л.Б. Нысанбекова мен Халықаралық құқық кафедрасының оқытушылары дайындаған команда құрамына Қ. Талғатова, Д. Ерболов, А. Абдуллина, Б. Мереке, К. Абдықасым кірді. Қатысушылардың барлығының сабақ үлгерімі жақсы, ұйымдастырушылық қабілетке ие, әрі халықаралық қатынастар факультеті өткізетін шараларға белсенді қатысады.

ҚазҰУ командасы барлық тест тапсырмалары мен «Халықаралық жеке

күқық» пәні және кейстердің шешімі бойынша жоғары нәтижелер көрсетті. Кезеңдердің бірі «Халықаралық жария күқық» пәні бойынша ағылшын тіліндегі блиц-сауалнама да өтті.

Олимпиада қорытындысы бойынша жеке есепте бірінші орынды Қ.Талғатова, екінші орынды А. Абдуллина, үшінші орынды Б. Мереке иеленді. Бұл халықаралық құқық кафедрасы мен халықаралық қатынастар факультетінің мерейтойына арналған тосын сый болды.

Келесі олимпиада әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінде өтетін болады.

Өз тілшімізден



сусынданыңыздар», - деп ұстазына ыстық-ықыласын, ал жас буынға тәрбие берерлік мәнді ойларын жеткізді.

Профессор Жақыпбек Алтаевтың өмір жолы мен ғылымдағы орны туралы философия кафедрасының меңгерушісі Әсет Абайұлы: «Әл-Фараби мұрасын жаңғырту-рухани қазынамызды қайта толып, өшкеніміз жанғандай. Жақыпбек Алтаев «Қазақ философиясына кіріспе» деген еңбекті ұстазым Аманжол Қасабек екеуі бірлесіп жазып шығуы, оның жарық көруі шын мәніндегі қазақ ой санасындағы, қазақ философиясындағы, қазақ руханиятындағы үлкен жаңалық болды. Мен бұл туралы ұстазым Аманжол Қасабектен кейін де естіген болатынмын. Ол кісі аталған еңбекті жазып, жарыққа шығару арқылы «мұжарғыш» болдық деп айтқан еді. Шын мәнінде мұжарғыш болды, сенді бұзды. Қазақ философиясын зерттеудің жаңа методологиясын жасап берді. 30 жылдан бері сол әлі бұзылмай келеді. Қазіргі кезде қазақ философиясы өзінің жасушасына өтсе, терең, тұңғыық мәселелерін зерттесе, соның басында осы ағамыз, профессор Жақыпбек

Клара Қажымқызы өзінің ұзақ жылғы ұстаздық ғұмырында шәкірттеріне араб тілінің қыр-сыры мен өте бай мәдениеті және тарихын ғана үйретіп қоймай, сонымен бірге әл-Фараби бабамыздың мұрасымен сусындатқан ұлағатты ұстаз, бірнеше еңбектердің авторы. Мәселен, куфа, насх, талик, насталик сынды қолжазбаларда жазылған әдебиеттерді оқуға араб тілі, парсы тілі бөлімдерін бітірген кез келген адам қабілетті емес. Бұл тұрғыда Клара Тәжікова ғана бір Фарабиді түпнұсқадан аударды. Қалғандары сол орыс, түрік және басқа тілдердегі жазбалармен жұмыс істеуде.

Вебинар соңында Клара Тәжікова сөз алып, жаңа кітабының тұсауы кесілді. Ал шараға қатысқан профессорлар, оқытушылар, студенттер мен магистрант, докторанттарға ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, келесі вебинар жалғасын асыға күтетіндігін жеткізді.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
философия кафедрасының оқытушысы



В КазНУ имени аль-Фараби состоялся Международный научно-просветительский форум «Выдающиеся ученые-филологи: история и современность», посвященный 100-летию со дня рождения казахстанского ученого-лингвиста доктора филологических наук профессора Моисея Михайловича Копыленко.

УЧИМСЯ У ЛУЧШИХ



Мероприятие было организовано по инициативе доктора филологических наук, профессора кафедры русской филологии и мировой литературы КазНУ имени аль-Фараби Нурсулу Жамалбековны Шаймерденовой.

На пленарном заседании выступила д.ф.н., профессор КазНУ им. аль-Фараби, президент КазПРЯЛ Элеонора Дюсеновна Сулейменова. Она осветила неизвестные факты из биографии М.М.Копыленко, отметив что он учился в двух вузах у известных педагогов-ученых: у С.Б.Бернштейн и Б.В.Варнеке в Одесском государственном университете им.Мечникова, у В.М. Жирмунского, В.Ф.Шишмарева, В.А.Звегинцева в Среднеазиатском государственном университете. Несомненно, это повлияло на круг его научных интересов.

М.М.Копыленко – автор многочисленных работ по общей, славянской, русской, казахской фразеологии, лексической сочетаемости, текстологии, социолингвистике, этнолингвистике, лингводидактике, лексикографии, палеославистике, сопоставительному языкознанию. М.М.Копыленко использовал в своих исследованиях факты 15 мертвых и живых языков. Долгие годы профессор М.М.Копыленко был заместителем диссертационного совета в КазНУ аль-Фараби по двум специальностям «Русский язык» и «Сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание», под его руководством были защищены 72 кандидатские диссертации и 4 докторские диссертации. Его ученики сегодня работают в различных городах Казахстана, а труды неоднократно переиздаются и востребованы.

В заключение своего выступления Э.Д.Сулейменова отметила: «Имя М.М. Копыленко наилучшим образом представляет советскую казахстанскую лингвистику. Все, что он делал и писал, его жизненный облик и поведение, его всегда обоснованное научное слово, бесконечный такт и терпение, дисциплина по отно-

шению к себе и другим – все создавало поражающую цельность научной личности ученого».

Ученица М.М. Копыленко, к.ф.н. Майра Шораевна Сарыбай наглядно продемонстрировала алгоритм поиска информации на примере фотографии из личного архива.

В своем выступлении она призвала молодежь любить свою профессию, задавать как можно больше вопросов, развивать критическое мышление исследователя. Призвала к изучению науки через персоналии ученых и прочитала стихотворение, посвященное учителю.

В заключении своего выступления она призвала докторантов бережно относиться к наследию своих учителей и изучать историю мировой лингвистики через персоналии.

Далее выступила заместитель директора по методической работе и производственной практике Профессионального колледжа КНУ им. Ж. Баласагына С.Н. Шерматова (Бишкек, Кыргызстан), которая ознакомила докторантов со спецификой защиты диссертации в Кыргызстане.

Доктор филологических наук, профессор Д.С.Кулмаматов из Узбекистана передал свои пожелания всем участникам форума и

пожелал прекрасной творческой работы.

В завершение пленарного заседания выступила к.филол.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби, руководитель Академии детской книги «ALTAIR» Д.Б. Аманжолова, которая осветила научную и переводческую деятельность С.Я.Маршака. Рассказала о переводах сонетов У. Шекспира, лирики шотландского поэта Роберта Бернса, Редьярда Киплинга. Особо отметила важность детской литературы, процитировав высказывание С.Я. Маршака: «Детская литература – это большая литература для маленьких читателей... Искусство, созданное для детей не должно быть «второсортным».

После пленарного заседания продолжилась работа и был заслушан 21 доклад докторантов 1 курса научно-педагогического направления по специальности «Русский язык и литератур», которые представили свои презентации и рассказали об идеях, научных достижениях, доказательствах теорий, интересных страницах научной биографии выдающихся ученых мира и Казахстана. Обратили внимание на то, что именно они являются хранителями эталонной речи и образцом прекрасных научных исследований, публикаций, выступлений на различных форумах.

На секционных заседаниях были заслушаны доклады докторантов КазНУ по 3 секциям: «Persona в лингвистике: от идей к достижениям», «Парадигмы литературоведческого знания: идеи и события в жизни», «Известные ученые-методисты».

Как отметила профессор Н.Ж.Шаймерденова в своем вступительном слове, дисциплина, которую она преподает, направлена на развитие навыков писать и публиковать научные статьи. Лучший способ их развить – изучить персоналии ученых по определенной схеме: биография ученого, интеллектуальная среда от учителя и наставников к ученикам и последователям, выявление основных идей, концепций, теорий ученого, составление лингвокогнитивного картирования.

Наибольший интерес вызвали выступления Сагинтаева Э.Б. об идее глоттохронологии М. Сводеша, А.Ш. Аманова о бинарных оппозициях Ф. Де Соссюра, Касымжановой М.Е. о поэзии жырау в исследованиях К. Жанабаева.

Все участники форума внимательно выслушали выступления докладчиков, отметили ценность проведенного ими исследования, обменялись мнениями по научным теориям различных ученых.

В заключительной части выступили модераторы (И.Н. Кузнецова и М.Е. Касымжанова), которые подвели итоги по работе секций, поблагодарили всех участников.

В завершение форума лектор курса «Методика написания научной публикации» профессор Н.Ж. Шаймерденова зачитала «Правила участников форума», содержащие полезные рекомендации и напутствия молодым ученым. Лектор поздравила докторантов с успешным проведением форума и пожелала им дальнейших успехов в их научных изысканиях.

В свою очередь докторанты поблагодарили своего преподавателя Нурсулу Жамалбековну за доброжелательное отношение, умелое руководство, а также за предоставленную возможность участвовать в научном диалоге и обмениваться полезной информацией и сделали необычный подарок – online-открытку.

Ш.А. ИСМАИЛОВА,
магистр, старший преподаватель
Д.Б. АМАНЖОЛОВА,
к.ф.н., и.о.доцента

Филология және әлем тілдері факультетінің оқытушылары заң факультеті 1 курс орыс бөлімі студенттерімен «Алаш арысы – Ахмет Байтұрсынұлының рухына тағзым» атты қайырымдылық шарасын өткізді.

Ахмет Байтұрсынұлының рухына құран бағышталғаннан кейін, мұражай-үйінің директоры Райхан Имаханбет өзі экскурсия жасау барысында, ұлт жанашырының өмір жолынан бастап, атқарған ұлы істерін, еңбектерін, қуғын-сүргінге ұшыраған кездегі мұқалмаған кезін, басына ауыр күн төнсе де, еліне, ұлтына деген сенімі өшпегенін, тіпті осы үйден 1934 жылы екі НКВД адамы ұстап алып бара жатқанда да, мәдениеттен аттамағанын әсерлі, мазмұнды жеткізді. Жастардың бойына жігер, мұқалмас қажыр-қайрат себе білді.

ІЗГІЛІК ҚАЛСЫН, ӘР ІЗДЕ...



Заң факультетінің студенттері Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығымен тереңірек танысып, көкейде жүрген сауалдарына жауап алды. Тағдыр-талай күрделі ұлт жанашырының өмірінің соңғы күндеріндегі фото-шежірелермен танысып, ауыр күндерде сағы сынбаған Ұлт көсеміне таңғалыстарын жасырмай, өзара бөлісіп жатты. Жүздерінен құрмет пен мақтаныш сезімдерін байқау қиын емес еді.

Мұндай ізгі істің басы-қасында жүру және ұрпаққа тағзым жасауды әрбір жүрегі қазағым деп соққан азаматтың міндеті деп санаймын.

Анар АШИРОВА,
ф.ғ.к., қазақ тіл білімі
кафедрасының доценті,
куратор-эдвайзер

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ӨМІРШЕҢ ҒЫЛЫМИ ҚАҒИДАЛАРЫ

Әлем елдерінің білім беру жүйесінде халықтың сапалы білім алуы, ғылымды меңгеруімен байланысты мәселелер сан ғасырлар бойында өз өзектілігін жойған емес.




Фото: baq.kz

жұмысына сәйкес елестету, салыстыру сияқты түйсінуді, тітіркенуді тұрғысындағы когнитивтік (танымдық) үдерістермен ұштасып жатыр.

Оқу-білімнің адам тарапынан меңгерілуі, қолданысқа түсіп, игілігіне айналу жағдайы туралы мынандай дерек ұсынылады: «Білімді көрсету мен құрудың тағы бір тәсілі когнитивтік (менталды) карта құру арқылы да жүргізіледі. Когнитивтік карта ұғымын ұсынған – Э.Толмен. Мидың когнитивтік қызметінің бірі көріп, ойша елестету негізінде жүзеге асады. Ойша көз алдымызға әкелінетін білім когнитивтік карта деп аталады. Адамда бұл құбылыс өте жиі өткеріледі».

Мұндағы когнитивтік (менталды) карта ұғымының мәнісін Абай Құнанбаевтың жоғарыда қарастырылып отырған қара сөзіндегі «сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек...» деп атаған психикалық танымдық үдеріс туралы тұжырымы тұтастай анықтап тұр. Қазіргі оқу үдерісінде қайсыбір тақырыпты терең меңгерту мақсатында қолданылып жүрген ассоциация, кластер құру, менталды карта т.б. әдістерді «сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек...» деген ақын концепциясының іс жүзіндегі көріністері ретінде бағалауымызға әбден болады деп ойлаймыз.

Сонымен қатар А. Құнанбаевтың «Отыз жетінші сөзінде» берілген «Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады» деген тұжырымында философ-ақынның тіл мен ойлаудың арақатынасына байланысты көзқарасы көрініс тапқан. Жалпы тіл философиясы ғылымында қарастырылатын осы мәселе көптеген философтардың талқылауында болып, олардың тарапынан мынандай тұжырымдары ұсынылғаны дереккөздерден анықталады: «Тіл - ойдың, дыбыстық көрінісі» (А.Шлейхер), «Тіл - ойдың формасы» (А.Потебня), «Тіл - ой-сананың сыртқы көрінісі» (Гегель), «Тіл дегеніміз – ойдың тікелей шындығы» (К.Маркс).

Сөйтіп, тіл және ойлау арақатынасына байланысты өзара қарама-қарсы пікірлер тіл философиясы ғылымында мына түрде топтастырылған: «Тіл және ойлау тепе-теңдік бірлікте, бір-бірінен ешқандай өзгешелігі жоқ», «Тіл және ойлау арасында

ешқандай бірлік, байланыс жоқ», «Тіл және ойлау өзара тығыз байланысты, бірге туып, қатар жасап келе жатыр, бірінсіз бірі болмайды, бірақ бұлардың бірлігі тепе-теңдік бірлік емес, бір-бірінен елеулі өзгешеліктері бар диалектілік бірлік».

А. Құнанбаевтың жоғарыда сөз болып отырған «Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады» деген тұжырымына қарағанда, философ тіл мен ойлаудың өзара байланысын жоққа шығармайды, ой ауыздан, яғни тіл арқылы шығатынын, дыбыстық түрде көрініс беретінін, тіл «ойдың формасы» болатынын білдіреді. Алайда А. Құнанбаев тіл мен ойлауды өзара тепе-тең құбылыстар ретінде танымайды. Оның бұл пікірі жоғарыда келтірілген К.Маркстің «Тіл дегеніміз – ойдың тікелей шындығы» деген тұжырымына қарсы келеді. А. Құнанбаев тілдің ойды дәл сол қалпында жеткізуге толық қабілетті емес екенін білдіреді: «Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады». Яғни, А. Құнанбаевтың тіл мен ойлау арақатынасы туралы көзқарасы өз уақытында мойындалған «Тіл және ойлау өзара тығыз байланысты, бірге туып, қатар жасап келе жатыр, бірінсіз бірі болмайды, бірақ бұлардың бірлігі тепе-теңдік бірлік емес, бір-бірінен елеулі өзгешеліктері бар диалектілік бірлік» деген соңғы тұжырыммен сәйкес келеді.

Қазақ халқының ұлы ақыны, философ А. Құнанбаевтың шығармаларында көрініс тапқан тұжырымдары мен көзқарастары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Когнитивтік лингвистика», «Тіл философиясы», «Екінші тілді меңгеру теориясының негіздері» сияқты пәндерді оқыту барысында басшылыққа алынып, ғылыми орта талқыланып отырады. Жоғарыда қарастырылған мәселелер А. Құнанбаевтың шығармаларында көрініс тапқан тұжырымдары мен көзқарастарының оқу-әдістемелік және ғылыми-философиялық мәнісін танытады.

Аяужан ТАУСОҒАРОВА,
ф. ғ. к., доцент

Сәуле БЕКТЕМІРОВА,
ф. ғ. к., доцент

Тарихта сан түрлі тұлғалар бар. Бірі әлемді дүрліктірген Ескендір Зұлқарнайын болса, енді бірі ғылымның атасы Аристотель, бірақ барлық адам бірдей тарихтан ойып тұрып орын алмайды. Көбі өмірінде ел жаттап қалар құндылық, не естелік қалдырмай бұл фәниден өтіп кетеді, солай емес пе? Аты күллі әлемнің жадында алтын әріппен ойылып жазылатын адамның бұл өмірге келуі өте сирек жағдай. Барлық халықтардың тарихында жұртты аузына қаратқан адам жоқ. Демек, ондай тұлға - ұлтының маңдайына біткен бақ.

АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ

Абай Құнанбайұлы - қазақтың маңдайына біткен дәл сол бағы, мақтанышы, қуанышы, мұрасы мен қазынасы. Абайды танымайтын ұлт, мойындамайтын жұрт жоқ шығар. Сан сынағы бар, ойлы да қырлы ғибадатқа толы өмірі бір төбе. Шегі жоқ даналықтан, өмірдің ащы шындығы мен болашаққа деген үміт, ғылымның мәні мен ақынның ішкі толғаныс-күйзелісінен сыр шертетін шығармашылығы - тағы бір төбе.

Абай - қазақтың бас ақыны, дара ақыны, ұлы ақыны. Оның философиясы мен өмірге деген көзқарасы әлі күнге дейін өзекті. Әрі қарай да өзектілігін жоғалтпайтұғын. Әйткені Абай адамның жетуі тиіс мұратын ғана көрсетіп қоймай, талаптанудың, сол мұратқа жетудің жолын сілтеп көрсетті. Өзі айтпақшы "Адам баласының ең жаманы – талапсыздық". Бірақ, талапты адамның да жету керек мақсаты күллі адамзаттың пайдасы үшін болу керек екенін ұғындырып, былай деген "Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң — Алланың сүйген құлының бірі боласың. Абай сол кездегі қоғамның қараңғысына батып кетуден алшақ болды, халықты білімге шақырды, парасатты жаңа қоғам құрғысы келді, ғылымды сүйді, бірақ парақор орыс үкіметінің қуыршақтарына бұл ұнаған жоқ. Абайды түсінетіндер аз болды, ол өмір бойы көзін шел басқан мәңгірттермен алысумен болды.

Биыл Абайдың туылғанына, әлемге ең әйгілі қазақтың, қазақ әдебиетінің біртуар азаматына 175 жыл. Енді бір ширек ғасыр өтсе, Құнанбайдың ұлы Абайдың дүниеге келгеніне 200 жыл болмақ. Бірақ осынша уақыт өтсе де, Абай қазақтың, әлемнің аузынан бір сәрі түскен емес. Болашақта да оның есімі талайдың аузында болары анық. 175 жылдық мерейтойды Қазақстанның түкпір-түкпірінде атап өтіп жатыр. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде шетте қалған жоқ. 2020 жылы осы атаулы оқиғаға байланысты бірнеше іс шаралар өткізілді. Дөңгелек үстелде ақынның қара сөздеріне сүйене отырып иман мәселесі талқыланды. Биыл 10 тамызда Қазақстанда алғаш болып Абай күні аталып өтілді, осы оқиғаға орай университетімізде Абай залы ашылды. Сонымен бірге ҚазҰУ-да Абайдың мерейтойына орай Абай өлеңдерін оқудан эстафета өтті. Эстафетаны ҚР Білім және Ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтен қабыл алған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ұлы ақынның «Келеңке басын ұзартып» атты өлеңін оқыды. Сондай-ақ, университет студенттерінде әлеуметтік желілерде челлендге атсалыса қатысты. Биыл карантин жағдайында шаралардың өтуі қиындыққа соғады деп күтілгеніне қарамастан, ұлы Абайдың мерейтойы онлайн платформаларда жоғары деңгейде атап өтілді.

Бірнәрсені анық, ол Абай "Өлейін деп өлмейді өлерлік жан" демекші, Абайдың сөздері, оның бізге қалдырған қазынасы мәңгілік өмір сүрмек.

Жұлдыз ЖОЛАЕВА,
Мақпал МЫРЗАХМЕТ,
Химия және
химиялық технология факультеті

ИНДИЙСКИЙ СОЛОВЕЙ

Почти 700 лет прошло со дня смерти великого индийского поэта Амира Хусро Дехлеви – тюрка по происхождению, гордившегося своим происхождением и никогда не забывавшим его.

предержавших:

Нищета намного слаще царства.
Праведности лучше гордое бунтарство.
У царей по горло всяческих забот,
Нищий подаянием без тревог живет.

Основатель жанра каввали

Амир Хусро внес выдающийся вклад в развитие музыкальной культуры Индии. Его называют основателем жанра каввали – суфийских песнопений, основанных на персидских, арабских, тюркских и индийских традициях, а также тараны – типа композиции в классической вокальной музыке Индии.

Каввали — это особый тип суфийских песнопений, обычно совершаемых у гробниц святых. Эта традиция благополучно дожила и до наших дней, и посетители мавзолея Амира Хусроа и его учителя Низамуддина Аулии могут слышать это великолепное пение, искусство которого бережно сохраняется из поколения в поколение, передаваясь в семьях музыкантов от отца к сыну уже семь столетий. Амир Хусро при создании этого направления музыки в значительной степени опирался на традицию бхаджанов — воспевания священных для индусов текстов и молитв с музыкальным сопровождением.

Первоначально поминание Всевышнего в песнопениях проводилось на персидском и арабском, а чуть позднее стали создаваться и газели на хиндави (кхариболи) — местном диалекте, который имел две литературные формы – современные языки хинди и урду.

Песнопения каввали явились своеобразной музыкальной интерпретацией классических сборников (или диванов) стихов персидских поэтов. Певцы использовали стихи поэтов-классиков: Шамс ад-Дина Хафиза, Фарид ад-Дина Атгара, Джалал ад-Дина Руми, Шамса Табризи и других.

Поэзия Амира Хусроа имела огромное значение в истории индийской и персидской литератур. Его называют «Пути-е-Хинд» (Индийский соловей) и «отцом литературы на урду».

Содержание песнопений непременно включает в себя обращение к возлюбленной (это аллегория, обозначающая в суфийской поэзии истину) и стенания разлучённого с ней влюблённого.

Я в этот мир пришел, в тебя уже влюбленным,
Заранее судьбой на муки обреченным.
Ищу с тобою встреч, ищу, как озаренья,
Но гордость не могу забыть ни на мгновенье.
О смилуйся и skinь густое покрывало,
Чтоб сердце пало ниц и Бога потеряло!

Его также считают изобретателем ситара – музыкального инструмента, ставшего визитной карточкой индийской музыки. На сей счёт до сих пор не утихают споры, поскольку в традиционном персидском сетаре (что явствует уже из его названия «се тар», ибо «се» — это «три» на фарси) всего три струны, а в индийском ситаре количество струн может достигать до 18. По мнению исследователей, Амир Хусро Дехлеви при создании нового инструмента совместил возможности индийской вины, известной с конца I тыс. до н.э., и не менее древнего персидского сетара. Получившийся в результате инструмент вот уже много веков улаждает взыскательных слушателей своим неповторимым звучанием.

Помимо этого, Амир Хусро Дехлеви привнес некоторые дополнения в традиционное искусство индийской раги — крупной музыкальной формы индийской классической музыки, выражавшей определенное настроение, сопутствующее времени года, суток или тому или иному конкретному душевному переживанию. Он обогатил индийскую классическую музыку,

введя в нее персидские и арабские элементы.

Небольшой барабан табла – полностью детище Амира Хусро. Для его создания Хусро разрезал бывший популярным в те дни музыкальный инструмент – мриданга – на две части. Произошла трансформация инструмента. Мриданга и табла отличаются не только внешне, изменения коснулись не только структуры, но и самой музыки.

Мультикультурная идентичность

Благодаря своему многогранному творчеству, Амир Хусро является одним из первых индийских деятелей с истинной мультикультурной идентичностью.

На время общественной деятельности Амира Хусроа Дехлеви пришлось годы социальной гармонии в тогдашнем обществе Делийского султаната. Просто поразительно, что такой человек был также государственным министром, т.е. занимал чисто административный пост. Хусро обладал открытым умом и большим сердцем. Открытия его были столь замечательными, что все, что он знал, становилось известным общественности и смешивалось в социальном потоке. Духовное богатство Хусроа не осталось скрытым в его уме, оно кипело и бурлило в его голове и очень скоро становилось общественным достоянием.

Его общественная деятельность была столь же яркой и наполненной высокого духовного смысла. Достаточно сказать, что, будучи советником султана Алауддина, известного своей набожностью, Амир Хусро Дехлеви стал инициатором запрета одурманивающих веществ и азартных игр. Он также выступал в качестве учителя и наставника, помогая самым разным по своему социальному статусу и образованию людям. Нередко человек, совершивший тот или иной проступок в

нарушение Шариата, мог свободно прийти в Амиру Хусроу, рассказать о накопившемся на душе и после ободряющего наставления встать на путь праведной жизни. Нередко такие люди становились его учениками. С участием поэта велись и религиозно-философские диспуты.

Душой ненасытной влеклись к мудрецам,
Стать мудрым в их обществе можешь ты сам;
Ты мудрости ищешь, — так слух преклони
К тому, в чем тебя наставляють они, - писал он, побуждая своих слушателей к общению с образованными и высокодуховными людьми.

Незадолго до окончания своей земной жизни поэт оказался в поездке в Лакхнау, где ему принесли весть о кончине его любимого учителя и главы суфийского братства Низам ад-Дина Авлия. Вскоре он вернулся в Дели, раздал всё имущество нуждающимся и провёл полгода в молитвах, чтобы вскоре последовать ко Всевышнему вслед за любимым наставником. Произошло это в далеком от нас 1325 году – 695 лет назад Его мавзолей находится в районе Хазрат Низамуддин неподалеку от могилы его учителя Низамуддина Аулия. Сюда приходят многочисленные паломники. Каждый год в Индии в годовщину смерти поэта (в конце сентября) проходит музыкальный фестиваль, куда съезжаются исполнители каввали из Индии и Пакистана.

«Отец литературы на урду»


Поэзия Амира Хусроа имела огромное значение в истории индийской и персидской литератур. Его называют «Тути-е-Хинд» (Индийский соловей) и «отцом литературы

на урду».


Амиру Хусроу принадлежит большое количество поэтических, литературоведческих и исторических сочинений. Он написал 5-томный труд «Стилистика Хусро», куда вошли сочинения по теории литературы и индийской музыки. Лирика поэта собрана в пяти диванах: «Дар юности» (1272), «Середина жизни» (1284), «Полнота совершенства» (1293), «Избранный остаток» (1316) и «Предел совершенства» (1325). Создал десять поэм-дастанов, в том числе «Девальрани Хизр-хан» на сюжет из жизни двора. Пять из них включены в «Хамсу» («Пятеричу»), написанную по образцу и на сюжеты поэм Низаму: «Восхождение светил» (1298), «Ширин и Хусро» (1298), «Меджнун и Лейла» (1298), «Искандерово зеркало» (1299) и «Восемь райских садов» (1301). Предположительно ему принадлежит словарь синонимов «Халикбари», содержащий арабские, персидские и хинди слова. В своем творчестве он изображает исторические события, происходившие в период царствования современных ему делийских султанов, дает яркое описание прекрасной природы Индии, времён года, местных праздников, красоту индийских девушек и др.

Все, кто в этот мир приходят, не останутся,
уйдут.
Да помянут тех достойно, кто достойно
прожил тут!
Всех живущих на прицеле держит меткая
стрела.
Нет числа пронзенным ею, и не будет им
числа.
У Всевышнего в колчане та стрела всего
одна,
Настигает в одиночку, но достигнет всех
она.
Жить до светопреставленья не надейся.
Только тот так наивен, кто не знает, что у
смерти свой расчет.
Все уйдем, не в этом дело. Как уйдем – куда
важней:
Будут помнить ли могилу, позабудут ли о
ней.
Не моли о милосердьe кровожадную
судьбу:
Дождь находит неизбежно водосточную
трубу.
Много тысяч караванов шло по нашему
пути,
Многим тысячам таких же предстоит еще
пройти.
Всяк живущий, коль не знал бы, что во прах
вернется плоть,
Возгордился бы безмерно. Мудро создал
нас Господь!
Так ликуй, встречая весны, не печалься, не
скорбя,
Будь доволен тем, что весен есть немало у
тебя!
О Хусро, как рак-отшельник не живи, пока
не стар,
Не торгуйся в лавке жизни, не скупясь бери
товар!

З.Е. ИСКАКОВА,
кафедра Ближнего Востока и Южной
Азии, факультет востоковедения



Жуырда ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тест тапсырмаларын әзірлеушілер мен сарапшыларға арналған «ҚАЗТЕСТ тапсырмаларының сапасын арттыру мәселелері» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы өтті.



оиды түсінуге, мәнін ұғынуға негізделеді. Сөйлесім әрекеті тек адамның ойлау жүйесіне ғана тән әрекет. Адам сөйлегенде ойына не келсе, соны айта салмайды. Ол алдымен санада жинақталып, қорытылып барып сыртқа шығады. Адам сөйлеуді жетілдіріп, дамытып тұрмаса, уақыт өте келе қолданыстан шығып қалады.

Тілді меңгеру – сөйлеу біліктілігі мен дағдыларын игеру, белгілі бір дәрежеде тілдік қатынасқа қол жеткізу, яғни, коммуникативтік құзыреттілікке ие болу дегенді білдіреді. Қазақ тілін саналы меңгеру арқылы тіл үйренуші мемлекеттік қызметке орналасу барысында тест тапсырмаларын сәтті тапсырады, сондай-ақ қазақ тілді ортада алдынан шыққан кәсіби бағытталған міндеттерді өз бетімен шеше алады. Бұл оның қатысымдық құзыреттілігін көрсетеді.

Ал тілдік білімді бағалаудағы тест тапсырмаларын жетілдіру мәселесіне келсек, сөйлеу әрекетінің ең күрделі бөлігі – тыңдалым бөлігі болып саналады. Тыңдалым тыңдаушыдан жақсы дайындық пен жылдам реакцияны талап етеді, ол тыңдауға арналған негізгі ұғымды жақсылап түсініп, хабарламаны белгілі бір қарқынмен және белгілі бір ұзақтықта есте сақтап, тілдік және мағыналық болжам жасай алмаса, тест тапсырмаларын дұрыс орындай алмайды. Тыңдалымға арналған тілдік деңгейге сай мәтін таңдау, іріктеу де маңызды рөл атқарады. Дайын күйіндегі мәтін табылмаса, оны бейімдеу, деңгейге лайықтау әзірлемешіден үлкен шығармашылықты, дайындықты талап етеді. Осындай мәселелерге қағысты мәтін таңдау, іріктеу, бейімдеу бойынша (С.М. Иманқұлова – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ), халықаралық тәжірибе негізінде жетілдірудің жолдары (Қ.С. Қалыбаева

– Абай атындағы ҚазҰПУ), тыңдалым тапсырмаларын құрастыруға қойылатын талаптардың ерекшеліктері (К.Б. Көпеш – Назарбаев университеті), аудиомәтіндерді дыбыстауда кездесетін қиындықтар (Ж.А. Чайкина – Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыка драма театрының әртісі), тыңдалым тапсырмаларын жетілдіру (Г.Ж. Құлманова – Қазтест жүйесін дамыту басқармасы) мәселелері жөнінде баяндамалар тыңдалып, талқыланды.

Сөйлеу әрекетінің келесі түрі – оқылым. Оқылым да сөйлеу әрекетінің күрделі түріне жатады. «Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сана нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу» (Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. – Алматы: Ан-Арыс, 2019. – 152 бб.). Мұнда адамның көру, ойлау мүшелері қатыса отырып, тілдік қатынасқа қажетті ақпараттан хабардар болады, сол арқылы ой-санасын жетілдіреді, қоршаған орта туралы өзіндік көзқарасын қалыптастырады.

Оқылым бөлігіне қатысты оқылым тест тапсырмаларын жүйелеу, жетілдіру (Г.Т. Өтелбай – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ), оқылым дағдысын меңгерту стратегиясы (А.Ф. Зейнулина – Торайғыров атындағы Павлодар МУ), әдістемелік кеңес бойынша (А.С. Бердіқұлова – Ұлттық тестілеу орталығы Қазтест жүйесін дамыту басқармасы) мәселелер қарастырылды.

Қазтест жүйесінің келесі бөлігі – лексика-грамматикалық бөлік. Оның ең негізгі мақсаты – тіл үйренушінің осы сала бойынша тұрмыстық, әлеуметтік тақырыптағы тілдік құрылымдарды

дұрыс құрастырып, қатысымда қолдана алуын, сөйлеу біліктілігін жетілдіру, лексикалық қорын, грамматикалық білім-дағдыларын қалыптастыру, қазақ тілі грамматикасы туралы білімін дамыту негізінде тілдік құзыреттілікті қалыптасу деңгейін анықтау және бағалау болып табылады.

Осы мақсатты негізге ала отырып, «Лексика-грамматикалық бөлік бойынша тест тапсырмаларын құрастыруда ескерілетін мәселелер» (М.С. Жолшаева – С. Демирел университеті), «Лексика-грамматикалық бөлік бойынша тест тапсырмаларын құру тәжірибесі және сапасына сараптама жүргізу мәселелері» (Х.А. Ордабекова – С. Демирел университеті), «Лексика-грамматикалық бөлік бойынша тест тапсырмаларының сапасын арттыру талаптары» (Ш.Х. Балғожина – Ұлттық тестілеу орталығы Қазтест жүйесін дамыту басқармасы) тақырыбында баяндамалар тыңдалды.

Жазылым – ойынды қағаз бетіне түсінікті жеткізу дегенді білдіреді. Бұл сөйлеу әрекетінің де өзіндік ерекшеліктері жеткілікті. Оны тест тапсырмалары түрінде беру, ойды шектеуге, қысқа, нұсқа жеткізуге дағдыландырады. Себебі белгілі бір шектеулі уақытта берілген тапсырманы сауатты, дұрыс, жүйелі жазу, тілдік қатысымдық бірліктерді ұтымды пайдалану да шеберлікті талап етеді.

«Жазылым тапсырмаларын жетілдіру жолдары» (Л.Ә. Еспекова – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ), «Жазылым тапсырмаларын халықаралық тәжірибе негізінде дамыту» (Ү.Ғ. Әнес – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ), «Жазылым тапсырмаларын әзірлеудегі ескерілетін жағдайлар» (Н.Б. Тоғызбай – Ұлттық тестілеу орталығы Қазтест жүйесін дамыту басқармасы) тақырыбында ғалымдардың баяндамалары тыңдалып, талқыланды.

Қорыта келгенде, Қазтест жүйесі бойынша тест тапсырмаларын әзірлеушілер мен сарапшылардан құралған республика көлеміндегі маман-ғалымдар қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың халықаралық, отандық тиімді әдіс-тәсілдерін ортаға салды. Тыңдалым, жазылым, оқылым, лексика-грамматикалық бөлік бойынша тест тапсырмаларының сапасын арттыру жөнінде талдау жасап, ортақ нәтиже шығарды.

Салтанат ИМАНҚҰЛОВА,
Қазақ тіл білімі кафедрасының
оқытушысы, ф.ғ.к.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да халықаралық қатынастар факультетінің халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасында, Zoom платформасы арқылы Сингапурдағы ESSEC Business School Asia Pacific профессоры, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы MBA бағдарламаларының атқарушы директоры, «The Financial Times» бойынша Аптаның үздік профессоры Чедомир Несторовичтың онлайн дәрісі өтті. Дәріс «АҚШ пен Қытай арасындағы сауда қатынастары, АҚШ-тағы сайлаулардың Азиядағы бизнеске әсері» атты тақырыбына арналды.

ПРОФЕССОР ЧЕДОМИР НЕСТОРОВИЧТЫҢ ДӘРІСІ

Дәріске 50-ден астам студенттер, магистранттар және докторанттар қатысты. Бірінші бөлімде профессор АҚШ-тағы 2020 жылғы сайлауға қатысты негізгі мәселелерге тоқталды: демократтар мен республикашылдардың қарама-қайшылықтары, АҚШ сайлау жүйесінің кемшіліктері, бұрмалаушылық және Америкадағы сайлаудың әлемдік саясат үшін маңызы.

Профессор екінші бөлімде АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысының проблемасына, халықаралық сауда ұйымдарының рөліне тоқталып, әлемдік сауда соғысының қиыншылықтары мен салдарын сипаттады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері пікірталасқа белсенді қатысып, Чедомир мырзаға сұрақтар қойып, жоғары дайындық пен білім деңгейін көрсетті.

Өз тілшімізден

**PROFESSOR
CEDOMIR
NESTOROVIC**

ESSEC Business School
Al-Farabi KazNU



11-12 декабря в КазНУ пройдет Международная научно-практическая онлайн конференция «Заболевания нервной системы в современном мире»

ҚазҰУ-да Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық және республикалық әдеби байқауларының жүлдегері, Қазақстан Республикасы Жазушылар Одағының, Журналистер Одағының, халықаралық жазушы әйелдер гильдиясының мүшесі, жазушы Сәуле Досжанмен кездесу, әрі «Жазушының зертханасы» атты тақырыпта онлайн-дәріс өтті. «Көркемдік-эстетикалық ізденістер» тақырыбы аясындағы онлайн жүздесу жиынын Дәріскер оқытушымыз Райхан Имаханбет пен 4-курс студенттері ұйымдастырды.



тарихына қысқаша шолу жасады.

Бұған дейін өзім оқыған, әрі өзіме ұнаған еңбектің бірі – «Өгей жүрек» хикаясы. Бұл хикая – жүрек трансплантациясын берген отбасыға, оны қабылдаған азаматқа арналған туынды. Хикая өмірдің өлімді жеңгенін, дәрігер мамандығының өмір сыйлауға қабілеттілігін сипаттайтын құнды еңбек болып табылады.

Кездесуде Сәуле апай өзінің таяуда ғана Қазақ университеті баспасынан шыққан «Қасірет пен тағдыр», «Үзілмеген үміт» кітаптарына да тоқталып өтті. Бұл тұрғыда Райхан апайдың да осы «Қасірет пен тағдыр» романын оқығаннан кейінгі алған әсерін, өзіндік ойын бізбен бөлісіп,

Баға жетпес құндылық

апайдың шығармашылығына деген өзінің ақжарма тілегін білдірген болатын.

Кездесудегі әсерден кейін бұл туындыны оқуға құштарлығым оянды. Әзірге бірінші кітап – «Қасірет пен тағдырды» оқып бітіруге таядым. Бұл құнды еңбек әлемдік аренаға тайсалмай шығып кетуге әбден ылайық кітап деп ойлаймын. Бұл туындының көркемдігінен гөрі, тарихи деректі сөйлеуімен құнды дер едім. Семей өңірінің көз жасы, күпті кеудесі, кешкен күйі, момақан ел жұртының полигоннан тартқан қасіреті мен азабы шебер суреттелген. Тіпті, оқып отырғанда ләззат пен күйікті қатар татып, қайсына ауып түсеріңді білмей дал боласың...

Семей жерінде атақты тұлғаларымыз: Абай, Шәкәрім, Мұхтар туып өскен топырақтың дүмпуден шаршап, күңіренген қара жерінің, кембағал болып туылған жазықсыз періште-сәбилердің іңгәлаған дауыстары естілетін азалы желінің ауыртпалығын кеудеңе сыйғыза алмай... жүрегің сыздап, көкірегің қарс айырылуға шақ, көмейің өксің тығылып, булығып отырасың.

Бұл дәріс маған осы кітапты оқуға да, Сәуле апайдың шығармашылығының өзге қырын тануға да, жазушының айтқан ақылын, кеңесін елеп-ескеріп жүруге зор мүмкіндік тудырды.

Онлайн-дәрісті ұйымдастырған ұстазымыз Райхан Сахыбекқызына, іс-шараның жоғары деңгейде өтуін үйлестірген

замандасымыз Айша Тұрлыбайға және осы жиынның хабарландыруын көркем безендірген Анжела Гинаятқа алғысым шексіз.

Шындығында, мен Сәуле апайымызды ақын деп танығанымнан бастап оқып келемін. Ақын апайымыздың «Арман қала» өлеңдер кітабы мен «Менің жалғыз серігім» атты өлеңдер мен поэмалар жинақтарымен ертеден танысып. Ол кісінің «Қайың туралы жыр», «Ақ бұлттардың үстінде», «Сағыныш», «Биіктеу» т.б. өлеңдері қатты ұнайды. Сәуле апайымды әу бастан ақын деп танығандықтан, жүрегімнен шыққан мына бір өлең шумағымен, сөзімді түйіндегенді жөн көрдім.

Жырласам жыр төгілген жырлы кештен,
Сырласым ақын апай өлеңі дескен.
Мен үшін – Сәуле апай дара тұлға
Елім деп еңіреп жүріп, бақыт кешкен.

Шүкірлік ет, атқанына азат күн,
Бастамасы қырандай ер ғажаптың
Жырлары жалын, орақты, от ауызды,
Сәуле апай ақынысыз қазақтың.

Мен ақынмын қаруым қуатты өлең,
Өлеңіммен халқыма шуақ берем.
Өлеңін апайымның білгін келсе,
Сарқылмайтын сансыз бір бұлақ дер ем.

Әсем МАМЕЖАНОВА,
филология және әлем тілдері факультеті
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
4-курс студенті

Пандемия кезеңінде бүкіл әлем ел халқының жаппай індет жұқтыруын болдырмау үшін қашықтықтан оқытуға көшті. Кез келген мемлекеттің құндылығы халық. Өйткені ұлт денсаулығы маңызды. Дәл осы сәтте техникалық және жаратылыстану бағыттағы көптеген жоғары оқу орындары қосымша цифрлық өнімдер ретінде оқу процесіне жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) мен әртүрлі оқыту платформаларын енгізе бастады.

Жаппай ашық онлайн курстары (ЖАОК) бұл - қазіргі заманғы қашықтықтан білім берудің қарқынды дамып келе жатқан түрі, ол пайдаланушылардың интерактивті қатысуымен және интернет арқылы оқыту технологияларын қолданумен оқыту курстары болып табылады. Әлемде көптеген оқыту платформалары бар, бірақ ең танымалы, ыңғайлы және қолдануға оңайы - Coursera платформасы.

Coursera - бұл білім берудің онлайн жобасы, онда әлемнің жетекші университеттері адам өмірінің барлық салаларын қамтитын тегін оқыту курстарын орналастырады. Сонымен қатар, курстарды ең үздік оқытушылар жүргізеді, олардың көпшілігінде өз бизнесі бар. Coursera қосымшасының артықшылығы - мобильді қосымшаның болуы, бұл сізге әрдайым және барлық жерде білім алуға мүмкіндік береді.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еліміздің жоғары оқу орындарының алғашқысы болып, білімгерлерді қашықтықтан сапалы оқыту үшін 5000 мың лицензияға ие болды, сонымен қатар емтиханды қайта тапсыру бойынша нұсқаулық пысықталды, егер білімгер немесе магистрант нақты пән бойынша курсты табысты өткені және аяқтағаны туралы растаушы сертификатты өтеусіз негізде алса, онда осы пән бойынша емтихан автоматты түрде есептеледі, сол арқылы профессор-оқытушылар құрамы мен білімгерлерді білім беру бағдарламасының пәніне сәйкес

мазмұны бойынша ең қажетті, қолайлы сағаттарды іздеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Coursera сертификатының халықаралық деңгейдегі мәртебесі мен маңызы бар екенін атап өткен жөн. Оқу процесіне ЖАОК енгізу нұсқаулығына сәйкес оқу процесіне қолдануға шешім қабылдаған әрбір ПОҚ пән бойынша ЖАОК интеграция картасына сәйкес келесі тармақтарды қажет етеді:

- Жалпы сипаттамаларды пәнмен салыстыру негізінде ЖАОК таңдау;
- Мазмұны мен қалыптасқан құзыреттерді талдау негізінде ЖАОК таңдау;

- ЖАОК интеграциялау моделін таңдау;
- ЖАОК-ды оқытылатын пәнге интеграция жоспары.

Барлық кезеңдерді пән оқытушысы тікелей қарастырып, талдағаннан кейін, ЖАОК интеграция картасы факультеттің әдістемелік бюромен бекітіледі. Жоғарыда аталған барлық рәсімдерден кейін білімгерлер белгілі бір пәнге тіркеліп, Coursera платформасында оқу процесі үшін сағып алынған ҚазҰУ лицензиясы негізінде тегін оқытылады.

ЖАОК-ны оқу процесіне енгізу бірқатар артықшылықтарға ие:

- Білім беру ұлттаралық қарым-қатынас үшін ерекше платформа;
- Курс тақырыптарының алуан түрлілігі;
- Өзіңізге ыңғайлы уақытта, ыңғайлы жерде және қарқынды оқу мүмкіндігімен пәнді меңгеру үшін реттелмейтін уақыт.
- ЖАОК-бұл қашықтықтан білім берудің үлкен жетістігі екенін атап өткім келеді, өйткені пандемия аяқталғаннан кейін де дәстүрлі оқыту формасына оралған кезде, ЖАОК (МООС) өзекті болып қала бермек, сондай-ақ техникалық және жаратылыстану-ғылыми бағыттар үшін техникалық базаны кеңейтуге және арттыруға мүмкіндік береді.

М. АСЕМБАЕВА,
доцент

А. НҰРМҰХАНОВА,
жылуфизика және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА,
Светлана ӨМІРФАЛЕНОВА
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.